



Сыр бойы

№5 (21080)

13 қаңтар, сейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

КОНСТИТУЦИАЛЫҚ РЕФОРМА ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙҒА ДАЙЫНДЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин және Президенттің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ержан Жиенбаевпен Парламенттік реформа бойынша кезекті жұмыс кеңесін өткізді.

Ерлан Қарин Мемлекет басшысына Жұмыс тобының 9 қаңтарда өткен отырысында болашақ бір палаталы Парламенттің мәртебесін, өкілеттіктері мен функцияларын анықтауға, сондай-ақ биліктің басқа да тармақтарымен өзара іс-қимылына қатысты тәсілдер әзірленгенін айтты. 15 қаңтарға жоспарланған келесі отырыста жаңа Парламенттің басты мемлекеттік институттардың қызметін қамтамасыз ету өкілеттіктері талқыланады.

Ержан Жиенбаев Мемлекет басшысын конституциялық реформаға қатысты Жұмыс тобы мүшелері мен жұртшылықтан келіп түскен жаңа ұсыныстармен таныстырды.

Президент барлық пікір мен бастаманы ескеру қажет екенін атап өтті. Сондай-ақ конституциялық реформа бойынша түпкілікті шешімді ел азаматтары жалпыұлттық референдумда қабылдайтынын мәлімдеді.

Сонымен қатар кездесуде Ұлттық құрылтайдың Қызылорда қаласында өтетін бесінші отырысына дайындық мәселесі қаралды. Мемлекет басшысы Құрылтай отырысын өткізуді осы жылдың 20 қаңтарына белгілеп, алдағы маңызды іс-шараны ұйымдастыру және оған тыңғылықты әзірлену жөнінде нақты тапсырма берді.

/// ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

АСТЫҚ ЭКСПОРТЫ 33% АРТТЫ

Транзиттік әлеуеттің артуы бидай экспортын еселеп отыр. Өткен жылы Қазақстан шойын жолдар арқылы 11 млн тонна астық тасымалдап, алдыңғы жылмен салыстырғанда 33 пайызға көбейген. Бұл туралы 24.kz мәлімдеді.

Экспортқа бағытталған астықтың тең жартымынан астамы Орталық Азияға жөнелтілген. Қырғызстанға 2 есе, Өзбекстанға 32 пайыз, ал Тәжікстанға 12 пайызға дейін көп өнім жеткізілген. Ал Әзербайжанға барған астық 3 есе артқан. Иран, Ауғанстан, Қытай және Балтық елдеріне де Қазақстанның сапалы өнімі барып отыр.

13,5 ТРЛН ТЕНГЕ БӨЛІНЕДІ

Елімізде энергетика және коммуналдық шаруашылықты жаңғыртуға осындай қаражат бөлінеді. Ал осы қаржының басым бөлігі коммуналдық инфрақұрылымды дамытуға жұмсалмақ. Оның көлемі шамамен 7 триллион теңге.

24.kz келтірген дерекке қарағанда, энергетика саласын жаңартуға 6 триллион теңгеден астам қаржы қарастырылса, 600 миллиард теңге автоматтандыруға және заманауи есептеу құралдарын орнатуға бағытталады. Есептеулер бойынша, қолға алған жұмыстың нәтижесімен жылу желілерінің тозу деңгейі 52%-дан 42%-ға, ал электр желілерінде 76%-дан 45%-ға дейін төмендеуі тиіс. Бұл ретте сумен жабдықтау желілерінің де ахуалы оңалуы қажет.

«ҚҰЛЫҚҚА ДА ҚҰРЫҚ БОЙЛАЙДЫ»

Үш күн ішінде көлігіне жалған мемлекеттік нөмір таққан үш мың жүргізуші анықталған. Осы ретте көлік прокурорлары мен полицейлер және «Қазавтожол» қызметкерлері жедел алдын алу шарасын жүргізуде деп хабарлайды 24.kz.

Әдеттегідей жүргізушілер көбіне ақылы жолдан өту, жылдамдықты асыру және жүк көлігіндегі салмақты көрсетпеу үшін құйтырқы әрекетке барады. Былтыр ел бойынша 40 мыңнан аса осындай заң бұзушылық әшкереленген. Құлыққа барып, айыппұлдан жалтармақ болғандар осындай әрекеті үшін енді бір жылға дейін көлік басқару құқығынан айырылып, тіпті бес тәулікке дейін қамалуы мүмкін. Көлік болса айып тұрағына қойылады. Полиция қызметкерлері нөмірсіз жүру, белгілерді жасыру немесе ауыстыру заңға қайшы екенін әрі ол үшін қатаң жаза қарастырылғанын ескертеді.

«СБ» ақпарат

/// ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫНЫҢ ПӘРМЕНИ

ҰРПАҚ БОЛАШАҒЫНЫҢ ИГІЛІГІ



Суреттері түсіріп Бағдат ЕСЖАНОВ

Арал ауданының Мөргенсай ауылдық округіне қарасты Жаланаш ауылында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбен, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, зиялы қауым өкілдері, ардагерлер мен ауыл тұрғындарының қатысуымен 150 орындық мектептің ашылу рәсімі өтті.

Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты шәкірттердің жарқын болашағына қызмет ететін жаңа мектептің ашылуымен құттықтады.

– Өздеріңізге белгілі, «Түркістан» газетіне Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлының «Қазақстан жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басты» тақырыбында кең көлемді сұхбаты жарияланды. Сұхбатта Мемлекет басшысы «Қазақстан жаңғыру жолында қарышты қадам басып, барынша өркениетті ел бола бастады. Қоғамда өскелең ұрпақтың жарқын болашағы үшін түбегейлі өзгеріс жасау аса маңызды екені туралы нақты түсінік қалыптасты» деп атап өтті.

Биыл ел тағдырына тікелей әсер ететін, Әділетті әрі Қуатты Қазақстанды дамытудың ұзақ жылдарға арналған бағыт-бағдарын айқындайтын жыл болатынын жеткізді. Біздің ең бірінші міндетіміз – балаларымыздың

жан-жақты, сапалы білім алуына қолайлы жағдай жасап, жайлы орта қалыптастыру. Бәсекеге қабілетті, заманның жаңа шақыртуларына дайын, озық ойлы ұрпақ тәрбиелеу – мемлекет алдындағы стратегиялық маңызды мәселе.

Аймағымыздың білім беру саласына 2022-2025 жылдары 1 трлн 159 млрд теңге бөлінді. 2022 жылдан бері 42 заманауи білім беру нысаны салынып, пайдалануға берілді. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 10 жаңа мектеп салынып, ел игілігіне табысталды. 2023 жылдан бері 9 мектеп жанынан қосымша ғимарат бой көтеріп, үш ауысымдық мектептер мәселесі түбегейлі шешімін тапты. Баршаның да жаңа мектептің ашылуымен құттықтаймын! Бұл – жай ғана ғимараттардың салынуы емес, жаңа дәуірде білім алатын озат оқушыларға жаңа мүмкіндіктер сыйлау, – деді облыс әкімі.

2-бет

/// ӨРКЕН



135 ПӘТЕР ТАБЫСТАЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қызылорда қаласының Титов шағын ауданында 135 пәтерлік тұрғын үйдің пәтер кілттерін табыстау рәсімі өтті. Бұл тұрғын үй кезекте тұрған халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына берілді. Рәсімге Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбен, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының басқарма төрайымы Ләззат Шыңғысбаева, құқық қорғау органдары мен жауапты сала басшылары, зиялы қауым өкілдері, қала тұрғындары қатысты.



Аймақ басшысы қарқынды құрылыс алаңына айналған қаладағы игілікті істерге тоқталып, жаңа пәтер иелерін құттықтады.

– Осы жыл жаңа бастамалар мен жарқын жоспарлар жүзеге асатын, береке мен бірлігімізді бекемдей түсетін кезең болмақ.

Бүгін, міне жерлеріміздің баспаналы болу қуанышына ортақтасып, пәтер кілтін табыстау рәсіміне жиналды.

Президентіміздің, Үкіметтің қолдауымен барлық салада серпінді жобалар жүзеге асып, әлеуметтік-экономикалық даму бағытында оң тенденция қалып-

тасты. 2022 жылдан бері өңірде 200-ге жуық әлеуметтік нысан салынып, ел игілігіне берілді. Тұрғындарды баспанамен қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік-әлеуметтік саясат нәтижелі іске асуда. 2022-2024 жылдары тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға 5 мыңнан астам пәтер табысталды. Алғаш рет барлық ауданда 1800-ге жуық жаңа пәтер жерлеріміздің игілігіне айналды. Қаламызда заманауи жаңа дизайнмен жеті, тоғыз және он екі қабатты тұрғын үйлер бой көтеруде.

3-бет

/// ХАЛЫҚ ЖӘНЕ НАРЫҚ

БАҒАНЫ ТІЗГІНДЕЙ АЛАМЫЗ БА?

Жыл басында әлеуметтік төлемдер мен зейнетақы артты деп қуанғанымызбен, оған қоса азық-түлік бағасы да шарықтай жөнелетініне үйреніп қалғандаймыз. Жасыратыны жоқ, несиені несиенен жауып отырған отбасы көп. Кейінгі уақытта халыққа берілетін несие де артқан.

Бұдан былай түрлі тұрмыстық бұйымдарды, киім-кешекті несиеге алуға үйреніп қалған жұртшылық енді онды-солды несие алмасы анық. Өйткені мерзімі өткен берешегі бар азаматтарға кредит беруге тыйым салынууда. Бұл бір жағынан дұрыс шешім секілді. Өз бюджетіңізді жоспарлап үйренбей, қаржылық сауатты арттырмайынша несиеден несиеге күн кеше беретініңіз анық.




3-бет

ҰЛТ РУХЫНЫҢ САХНАДАҒЫ ШЕЖІРЕСІ

Осыдан тура бір ғасыр бұрын, 1926 жылдың 13 қаңтарында Қызылордада қазақ ұлттық театрының алғашқы қойылымы сахналып, қазіргі М.Әуезов атындағы қазақ ұлттық драма театрының негізі қаланды.

Тарихи деректерге сүйенсек, кәсіби қазақ театрын ұйымдастыру мәселесі алғаш рет Орынборда өткен І Жалпықазақ съезінде көтерілген екен. Ұлтымызға «Қазақ» атауы қайтырылған, Ақмешіттің аты Қызылорда болып өзгерген 1925 жылдың сәуіріндегі бесінші съезде «Халық ағартудың кезекті мәселелері жөнінде» арнайы қарар қабылданып, ұлт театрын құру мәселесі атап айтылды. «Қазақтың ұлттық театрын құру жеделдетілісін» деген шешім жеке тармақ болып жазылды. Алайда, оны орындау күзге дейін кешеуілдеді.



4-бет

ИНКЛЮЗИВТІ СПОРТ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Қызылордада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбен, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының басқарма төрайымы Ләззат Шыңғысбаеваның қатысуымен Инклюзивті спорт орталығының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Рәсімде аймақ басшысы салауатты өмір салтын ұстанудың маңызын атап өтіп, жиналған қауымды жаңа нысанның ашылуымен құттықтады.

— Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Түркістан» газетінде жарық көрген «Қазақстан жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басты» атты сұхбатында: «Қазақстан жаңғыру жолында қарышты қадам басып, барынша өркениетті ел бола бастады. Қоғамда өскелең ұрпақтың жарқын болашағы үшін түбегейлі өзгеріс жасау аса маңызды екені

туралы нақты түсінік қалыптасты» деп атап өтті.

Сыр өңірінде Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен, жерлеріміздің бекем бірлігінің арқасында байыпты бастамалар қолға алынып, жасампаз жобалар іске асырылуда. Міне, бүгін өздеріңізбен бірге «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен салынған ерекше қажеттілігі бар жандарға арналған Инклюзивті спорт орталығын ел игілігіне табыстаймыз.



Суреттері түсіріп Бағдат Есжанов



ОЗЫҚ ҮЛГІДЕГІ ЖАҢА БАЗА

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова Қармақшы аудандық білім бөліміне қарасты Байқоңыр қаласындағы №277 мектеп-лицейдің жұмысымен және материалдық базасымен танысты. Онда Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының басқарма төрайымы бірге болды. Мектеп-лицейде «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қолдауымен инновациялық обсерватория, ракета модельдеу, СТЭМ, химия, биология, робототехника, математика, физика, география, тарих, бастауыш сынып кабинеттері, кітапхана, арнайы телестудия 245,6 млн теңгеге жабдықталған болатын.

Нақтырақ айтсақ, обсерватория кабинетінде «Жұлдызды аспан» глобусы, интерактивті панель, телескопқа линзалар жинағы, күн фильтрі, бейне-камералар, планисфералар бар. Ракета модельдеу кабинеті арнайы жинақпен, ноутбуктер, шағын зертханалар, цифрлық микроскоптар, старттық құрылғылармен, СТЭМ кабинеті 3Д принтер, модельдеу жиынтықтарымен қамтамасыз етілген. Ал физика кабинеті электр және оптика бөлімдеріне, жаратылыстану ғылымына, молекулалық физика және термодинамикалық бөлімдерге арналған демонстрациялық құралдармен жабдықталған. Биология кабинетіне де жиназдар, зертханалық құралдар, цифрлық микроскоптар, микропрепараттар, ылғал препараттар, адам ағзасының модельдері берілді. Химия кабинетіне зертханалық жабдықтар, химиялық препараттар, цифрлық зертхана жинағы, демонстрациялық жұмысқа арналған жиынтықтар, телестудия, арнаулы компьютер, камералар, диодтық жарық жинағы, акустикалық құралдар, телевизор алынды. ART-студияға гончарлық қондырғылар, сурет салуға арналған құрал-жабдықтар қойылған.

Оқу-ағарту министрі атқаратын жұмыстарға оң бағасын беріп, алдағы міндеттерге тоқталды.

Айта кетейік, білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жаңғырту бағытында қарқынды жұмыс жүргізілуде.

«Қазақстан халқына» қоры өңірдің әр саласына 12 млрд 851 млн теңге қаржы бөлді. Сондай-ақ 2 млрд 700 млн теңгеге 58 мектептегі 317 пәндік кабинет жаңартылды.



ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТЫЛҒАН ТЕМІРЖОЛ ҚАҚПАСЫ БАРЛЫҚ ВОКЗАЛДАР КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТУДЕ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбен, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев Арал, Қазалы, Қармақшы ауданы орталықтарындағы, Сексеуіл мен Төретам кенттеріндегі теміржол вокзалдарын жөндеу жұмыстарымен танысты.

Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен облыс аумағындағы теміржол вокзалдарының барлығына күрделі жөндеу, вокзал маңын абаттандыру жұмыстары қолға алынған.

2023 жылы «Қазақстан Темір Жолы» компаниясының және жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен 600 млн теңгеден астам қаржыға Қызылорда қаласындағы теміржол вокзалы ғимараты мен іргелес аумағы жаңғыртылған болатын. Қазіргі таңда барлық ауданда, сондай-ақ Төретам және Сексеуіл теміржол вокзалдарында күрделі жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Жанарған инфрақұрылым жолашушыларға қолайлы жағдай жасауға, қауіпсіздік талаптарын күшейтуге мүмкіндік береді.



ҚОРҒАНЫС МИНИСТРІНІҢ ҚЫЗЫЛОРДАҒА САПАРЫ

Өңірге арнайы жұмыс сапарымен келген ҚР Қорғаныс министрі, авиация генерал-лейтенанты Дәурен Қосанов облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбетпен бірге аймақтағы әскери бөлімдер және мекемелердегі техникалардың жай-күйі, қызметшілердің жағдайы, жауынгерлік өзіндік, жеке құрамның қызмет барысымен танысты. Қызылорда қаласында орналасқан №99215 әскери бөлімі аумақтық қорғаныс бригадасындағы жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылған инфрақұрылымды дамыту жұмыстарын көріп, алдағы жоспарларды тыңдады.

Сонымен қатар, №66597 әскери бөлімінде борышын өтеп жүрген сарбаздармен кездесті. Қазармалар мен санитарлық аймақтардың жай-күйіне, тамақ сапасы мен сарбаздардың қызмет өткеру барысындағы әскери тәртібі мен тұрмыстық жағдайына назар аударды.

Қорғаныс министрі облыстық қорғаныс істері жөніндегі департамент базасында құқық қорғау және әскери құрылым басшыларымен кездесті. Департамент бастығының есебін тыңдап, «Қарулы Күштер ардагерлері» РКБ облыстық филиалының төрағасы М.Ршауов, «Ауған соғысының ардагерлері мен мүгедектерінің кеңесі» ҚБ төрағасы Ж.Оспановпен жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру бағытында пікір алмасты.



Жобаны іске асыруға 2 млрд 900 млн теңге бөлінді.

Мұнда спортшыларымызға арналған волейбол, күрес, жалпы дене дайындығын жасауға арналған залдар қарастырылған. Бір мезетте 131 адамның спортпен жүйелі шұғылданыуына мүмкіндік жасалған.

Аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына, тұрғындарымыздың әл-ауқатын арттыруға қосқан елеулі үлесі үшін Ләззат Алтынбекқызы басқаратын «Қазақстан халқына» қоры ұжымына Сыр жұртшылығының атынан шынайы ризашылығымызды, зор алғысымызды білдіреміз, — деді облыс әкімі.

Басқосуда саланың дамуына елеулі үлес қосқан спортшылар мен Инклюзивті спорт орталығын сапалы етіп салған мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Ләззат Шыңғысбаева, Наурызбай Байқадамов пен Мұрат Әбен сөз сөйлеп, ізгі тілектерін жеткізді.

Айта кету керек, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорымен тығыз әріптестік байланыс орнатылғанын арқасында өңірімізде бірлескен жобалар жүзеге асып келеді. Қор 12 млрд 851 млн теңге қаржыны маңызды әлеуметтік бастамаларға қолдау көрсетуге бағытталды.

Білім беру саласына, ауыл мектептерінің материалдық базасын нығайтуға 5 млрд теңгеден астам қаржы қаралды. Денсаулық сақтау,

әлеуметтік қорғау салаларында 5 млрд теңгенің жобалары іске асырылуда.

Спорт инфрақұрылымын дамытуға бөлінген 2 млрд 728 млн теңгеге бытыр Шиелі, Жалағаш аудандарында жаңа спорт кешендері салынып, пайдалануға берілді. Сырдария, Қармақшы аудандарындағы спорт нысандары жаңа құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Тағы 6 спорт кешенінің базасын нығайту жоспарланған.

Тұрғындардың бұқаралық, кәсіби спортпен айналысуына барлық мүмкіндік қарастырылған. Өңірде кәсіпкерлер демеушілігімен, ұлттық компаниялар және спорт федерацияларының қолдауымен жүзеге асқан маңызды жобалар бар.

2022 жылдан бері 23 спорт нысаны, атап айтқанда Орталық стадион, теннис, Инклюзивті спорт орталықтары, 20 спорт кешені салынды. «Ауыл — ел бесігі» бағдарламасы аясында елді мекендерде тағы 4 спорт кешені ел игілігіне табысталады. Аймақта алғаш рет ерлер мен әйелдерге арналған «Қызылорда бокс клубы» жұмысын бастады. Қазақстан футбол федерациясының қолдауымен Қызылорда қаласындағы Ғ.Мұратбаев атындағы стадионның қосалқы алаңы мен Жалағаш ауданының орталық стадионы күрделі жөндеуден өтіп, ел игілігіне берілді.

Жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен 1 млрд 600 млн теңгеге 80 спорт-ойын алаңы салынды.

Облыс орталығындағы ірі жобалардың бірі — аумағы 25 мың шаршы метрлік «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешені. Бұл нысанда олимпиадалық стандарттарға сай 50 метрлік бассейн, Азия, Әлем чемпионаттарын өткізуге арналған 2500 орындық зал, олимпиадалық спорт түрлеріне арналған жаттығу залдары болады.

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

МӘЖІЛІС ДЕПУТАТЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Ақ жол» демократиялық партиясы төрағасының орынбасары Қазыбек Исамен кездесті. Кездесуде ауылдардың инфрақұрылымын дамыту, кәсіпкерлік бастамаларға қолдау көрсету, әлеуметтік салада атқарылған істер мен алдағы міндеттер талқыланды.

— «Ауылдық аумақтарды дамытудың 2023–2027 жылдарға арналған тұжырымдамасында» стратегиялық мақсаттар белгіленген. Мемлекет басшысы Үкімет пен облыс әкімдеріне шаруашылықты өркендетуге берілетін субсидияларды, басқа да қаржылай қолдауларды тиімді әрі мақсатты пайдалануды тапсырды. Біздің басты міндетіміз — ауыл халқының табысын, өмір сүру сапасын арттыру. Біздің аймақ тұрғындарының 53 пайызы ауылда тұрады. «Ауыл — ел бесігі» жобасы аясында арнайы әдістеме бекітілгені белгілі. Ол бойынша 59 тірек, 43 спутник елді мекен бар. 2022–2024 жылдары 78 ауылда 31 млрд 600 млн теңгеден астам қаржыға 343 әлеуметтік, ин-женерлік-инфрақұрылымдық жоба жүзеге асырылды, — деді аймақ басшысы.

Кездесуде Қазыбек Иса «Ақ жол» партиясының алдағы кезеге арналған жоспарына тоқталды. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы бастамалар, атқарылған жұмыстар туралы ой-пікірін бөлісті.

Айта кетейік, өңірде 7 саяси партияның филиалы жұмыс істейді. Оларға 81 мыңнан астам азамат тіркелген.

ҰРПАҚ БОЛАШАҒЫНЫҢ ИГІЛІГІ

Рәсімде тынымсыз еңбегімен ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан ел ағалары, мектеп құрылысын салған «Бак-береке» серіктестігі қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Аймақ басшысы мердігер мекеме ұжымына мектеп ғимаратын сапалы салып, мерзімінде аяқтағаны үшін алғыс білдірді.

Жұлдыз Сүлейменова еліміздің білім саласындағы жобаларға тоқталып, Сыр өңіріндегі серпінді жұмыстарды атап өтті.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасымен «Келешек мектептер» жобасы жүзеге асуда. Ұлттық жоба аясында 217 мектеп салынды, сол мектептердің 84-і ауылдарда бой көтерді. Бүгін, міне Арал ауданының ең шалғай ауылдарының бірінде жаңа мектеп ашылды. «Келешек мектептерінің» стандартымен, халықаралық талаптарға сай салынған білім ордасы ауылға жеткенін күзесі болды. Мемлекет басшысының ұстаздарға деген қамқорлығы ерекше, соның арқа-

сында мұғалімдердің қоғамдағы мәртебесі арта түсті. Бүгінде ұстаз мамандығы еліміздегі ең тартымды мамандықтардың біріне айналды, — деді Оқу-ағарту министрі.

Сонымен қатар, Мұрат Әбен о тұрғындарды құттықтап, Мергенсай ауылдық округінің қоғамдастық кеңесінің төрағасы Әсемхан Әбілов бата берді.

Өткен жыл аралдық ағайындар үшін ерекше берекелі жыл болды. Маңызды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға, әлеуметтік нысандар салуға бюджеттен 38 млрд 740 млн теңге қаржы бөлінді.

Жаңа білім ұясы ашылған Жалаңаш ауылында 686 адам тұрады.

Еске салайық, «Білімді қолдау қоры» арқылы облыс орталығында физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернаты ел игілігіне табысталды. Кейінгі үш жылда 15 мектеп ғимараты күрделі жөнделген. Президент тапсырмасына сәйкес алдағы үш жылда өңірдегі 51 мектеп күрделі жөндеуден өтеді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ШАТТЫҚ ҰЯЛАҒАН ШАҚ



Аймағымыздың ажарын айшықтап, сәулетіне сән қосатын, өңіріміздің өсіп-өркендеуіне жаңаша серпін беретін құрылыс индустриясын дамытуда құрылысшыларымыздың үлесі орасан зор. Жаңа шаңырақтарыңыз татулық пен берекеге толы болғай! – деді облыс әкімі.

Салтанатты шарада тұрғын үй құрылысына атсалысқан мамандар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталып, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев сөз сөйледі.

Өңірлік бағдарлама өрісі

Сондай-ақ Қызылордада «Сыр жастары» өңірлік бағдарламасымен баспаналы болған 100 жас отбасыға

1-бет.

пәтер кілттерін табыстау рәсімі өтті. Аймақ басшысы жаңа пәтер иелерін қоныс тойымен құттықтап, өңірлік бағдарламаның тиімділігін атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Еңбек жолын енді бастаған жастардың бірден пәтер сапып алуы оңай емес. Сондықтан жастардың баспана алуына жан-жақты жағдай жасау – мемлекеттің басты міндеттерінің бірі» деген болатын.

Бүгінде облысымыздағы жастар саны 250 мыңға жуық, яғни аймақ халқының 30%-ы. Өткен жылы жастар саясатын дамыту мен қолдауға жергілікті бюджеттен 2 млрд 105 млн теңге бағытталды. «Сыр жастары» жеңілдетілген ипотекалық несие беру бағдарламасына 1 млрд 200 млн теңге, «Отбасы банк» тарапынан 500 млн теңге, жобаларды қолдау мен жүзеге асыру үшін 310 млн теңгеден астам қаржы бөлінді.

«Сыр жастары» өңірлік тұрғын үй бағдарламасы 2023 жылы қабылданды. 2024 жылы 100 жас отбасы баспаналы болды. Жастарды мемлекеттік қолдаудың айқын дәлелі ретінде бүгін 100 пәтерлік 2 тұрғын үй білім, медицина, мәдениет, спорт, қаржы, әлеуметтік салаларда қызмет ететін жас отбасыларға табысталуда. Әр шаңырақта береке-бірлік орнасын! – деді облыс әкімі.

Жиында тұрғын үйлерді салған мердігер «Nur B group» ЖШС құрылысшылары облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Парламент Сенатының депутаты Руслан Рүстемов сөз сөйлеп, құттықтауын жеткізді. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы серпінді жұмыстарды атап өтті. Облыс әкімі және қоңақтар өңірлік бағдарламалармен пәтер алған жас маманның жаңа пәтеріне кіріп, ізгі тілектерін білдірді.



Коллаж: Г. ГЕТИШОВА

БАҒАНЫ тізгіндей? аламыз ба?

Алайда күн сайын шарықтап баратын баға да қарыздың үстіне қарыз қоспайтынына кім кепіл? Оның үстіне әлемді жайлаған инфляция барған сайын үлкен барады. Ел билігі мен Ұлттық банк оны барынша ауыздықтап, тізгінді қолдан шығармауға тырысуда. Жыл соңында Ұлттық банк елдегі ең ірі 21 банктен деректер алып, биылғы нарық динамикасын жариялады. Бизнес секторында несиеге сұраныс артқан, ал жеке тұлғалар арасында ипотека алу баяулап, автосесие артқан. Мәселен, ірі кәсіпорындардан түскен несие өтінімдері 19%-ға артып, орта бизнестегі өтінімдер саны тұрақты қалпын сақтады. Бағдарламалар ішінде «Өрлеу» және «Даму» қорының кепілдіктері сұраныста. Қазір қарыз алушылардың қаржылық жағдайына қойылатын талаптар күшейген. Сондықтан мамандар базалық мөлшерлеменің өсуі де әсер етіп, нәтижесінде ипотека мен автокредитке сұраныс азаяды деп болжап отыр. Ал экономистер керісінше, жеңілдетілген ипотека көлемі ұлғайғандықтан сұраныс азаймайды деген пікірде.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша жылдық инфляция 12,3 пайызды құрап, оның ішінде азық-түлік тауарлары 13,3 пайызға өсті. Бұл көрсеткіш халықтың күнделікті тұтыну шығындарына тікелей әсер етіп отыр.

Өңірлер арасында жылдық инфляцияның төмен деңгейі Алматы қаласы мен Қостанай облысында – 11,7%, сондай-ақ Абай, Жамбыл және Батыс Қазақстан облыстарында байқалды – 11,8% деңгейінде.

Сарапшылар азық-түлік бағасының өсуіне бірнеше фактор әсер етіп отырғанын айтады. Біріншіден, өндірістік шығындардың артуы – жанар-жағармай, логистика және коммуналдық қызметтер бағасының қымбаттауы өнімнің өзіндік құнын өсірді. Екіншіден, импортқа тәуелді тауарлар бойынша сыртқы нарықтағы баға ауытқулары ішкі нарыққа тікелей ықпал етуде. Үшіншіден, маусымаралық кезеңде көкөніс өнімдері бағасының өсуі дәстүрлі түрде инфляциялық қысымды күшейтеді.

Желтоқсан айындағы деректер бұл үрдістің әлі де сақталғанын көрсетеді. Айталық, азық-түлік тауарлары бір

айда 1,2 пайызға қымбаттаған. Оның ішінде сүт өнімдері, сөзіз, шырпын, көк шай, жүзім бағасы өскен. Дегенмен, жекелеген өнім бағасы төмендегені байқалады.

Бағаның шектен тыс өсуін болдырмау мақсатында аймақтарда тауарлық интервенция, тұрақтандыру қорлары, форвардтық келісімшарттар және жәрменкелер тетігі кеңінен қолданылуда. Мәселен, өткен жылы облыста 158 жәрменке өткізіліп, онда 4 900 тонна өнім сатылды.

Қазіргі таңда облыстың тұрақтандыру қорында 2916 тонна өнім бар, ал 9808 тонна өнімді жеткізуге келісімшарт жасалған. Оның ішінде көкөніс өнімдері бойынша форвардтық келісімнің маңызы зор. Өйткені, бұл өнімдер бір мезгілде нарыққа шығарылмай, наурыз айына дейін кезек-кезеңімен жеткізіледі. Бұл тәсіл маусымаралық кезеңде бағаның күрт көтерілуін тежеуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, сауда үстемесін 15 пайыздан асырмау нарықтағы алыпсатарлықты шектейді. Жыл басынан бері жүргізілген тексерулер барысында заң талаптарын бұзған кәсіпкерлер әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті 260 кәсіпкерді тексеріп, 49-ын әкімшілік жауапкершілікке тартты. Қабылданған кешенді шаралардың нәтижесінде баға индексі облыста тұрақты.

Бағаны тұрақтандырудың негізгі тетігі – ішкі өндірісті дамыту. Осы бағытта өңірде 62,1 млрд теңгеге 37 инвестициялық жоба іске асырылып жатыр. Бұл жобалар жергілікті өнім көлемін арттырып, импортқа тәуелділікті азайтуға мүмкіндік береді.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

МЕРЕЙ



«БІЗ ТЕҢІЗГЕ ҚАРЫЗБЫЗ»

Аты әлемге мәлім Арал аймағында төрге шықса төбедей, төбеге шықса төредей, жақын мен алысты тең көрген, елінің жігері, қоғамның тірегінің бірі болып жүрген азамат Әйімбетов Әділбек десек, асыра айтқандығымыз болмас. Біздің бұлайша пайымдауымызға бір ойшылдың «Өзгеге де сенбе, өзіңе де сенбе, істеген ісіңе сен» деген қағидасы себеп болып отыр.

Айтса айтқандай, биыл Әдекен 80 жасты еңсеріп, ел-халықтың ыстық ықыласына кенеліп жүрсе де қарапайым қалпынан айнымай адами қасиетін, жаратылысындағы кісілік пен кішілік болмысын жоғалтпай, еңбек етуімен жайрандай басып жүріп келеді.

Осы жазбаны ойға алғанда жерлесіміз, белгілі жазушы Қуаныш Жиенбаевтың «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Әдекен теңізге қарыз, теңіз Әдекенге қарыз» деген көлемді мақаласы еске түсе кетті. Алдымен Әдекеннің өнегелі өмір жолына сәл-пәл шегініс жасалық.

Әдекен 1946 жылдың қаңтар айында Арал теңізі жағасындағы «Қара-шұла» ауылына қарасты балықшылар «Станица» өмір есігін ашты. 1963 жылы Жалағаш кентіндегі орыс орта мектебін күміс медальмен тәмамдаған ол еңбек жолын қатардағы құрылысшы болудан бастады. 1965 жылы Пелеханов атындағы Мәскеу халық шаруашылығы институтына оқуға қабылданды. Экономика мамандығын иеленіп жолдамамен Мемлекеттік жоспарлау комитеті жанындағы Алматы экономика ғылыми-зерттеу институтына инженер-экономист қызметіне тағайындалды.

Теңізбен тамырлас азаматты туған жерге орасам деген ой күн сайын мазалайды. Сөйтіп 1970 жылы Аралымен табысып, алдымен «Аралтұз» комбинатында лаборатория бастығы, кейіннен «Қызылордақұрылыс» тресінде бөлім бастығы қызметтерін атқарды. Бертін келе Қызылорда қалалық облысқақ партия комитеттерінде нұсқаушы, экономика бөлімінің меңгерушісі, «Аралтұз» комбинатының директоры, Арал аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметтерінде болып, «Арал балық өндірістік бірлестігінің» бас директоры қызметіне 1991 жылы тағайындалады. Тоқырау жылдары іргелі өндіріс орнының құрлымға кетпеуіне Әдекеннің сіңірген еңбегі орасан зор.

Ресей Басқару академиясынан менеджер мамандығын алған ол аймақ басшылығының ұсынысымен 2000 жылы республикалық «Қамыстыбас» балық өсіру питомнигі» мемлекеттік кәсіпорнына директор болды. Осы жерден зейнет демалысына шықты, бірақ қол қусырып қарап отыруды қаламайды. Арал балық комбинаты орнына «Арал сервисі» дайындау орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін құрды. Осы зауыттың атқарушы директорылығына қоса облыстық балық шаруашылығын дамыту консорциумының төрағасы қызметін атқарып келеді. Арал аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы қоғамдық қызметті тағы бар. Қазір елімізді ғана емес, ондаған шет елді балық өнімдерімен қамтамасыз етіп отырған «Арал сервисі» дайындау орталығының» тыныс-тіршілігі жайлы сөзден соң баян етілмек. Жоғарыда айтқандай, «Әдекен теңізге қарыз, теңіз Әдекенге қарыз» пайымына сөз берелік.

– Жазушы інііз Қуаныш Жиенбаев айтқандай, Арал теңізі сізге қарыз көрінеді ғой? – дедім сөз арасында. – Жо... жоқ, біз теңізге, Аралға қарызбыз. Айтқанын, – деді ол ойлы жүзбен. – Өздеріңізге мәлім, кезінде мұз жастаған Аралдың балықшылар Еділ бойына 14 вагон балық жөнелтіп, есімдері тарихқа жазылып қалған. Өкінішке қарай, Кеңес үкіметі кезінде Сырдария мен Әмудария өзендерінің суын орынсыз пайдалану салдарынан теңіз тартылып, жағалаудан 150-200 шақырымға қашықтап кетті. Тұтас бір аймақтың экологиялық тепе-теңдігі бұзылып, экологиялық аймаққа айналды. Теңіз суында тұз мөлшерінің шектен тыс көбеюінен балықтар мүлде жойылды десем, асыра айтқаным болмас. Осы тұста «Арал тағдыры – адам тағдыры» деген ұстаным ажырамас тіркеске айналды. Міне, теңіз бізге емес, біз теңізге қарызбыз.

«Аралбалық» комбинатына бас директор болып келуім-ақ екен, кәсіпорыма еркіндік берілді. Себебі, еліміз Тәуелсіздігін алған жылдары мемлекеттің бұл өндіріс орнын ұстап тұруға шамасы жоқ еді. Ол кезде

теңізге де тіршілік көзі жоқ есепті. Қолдардан ауланған балық кәсіпорын сұранысының 5 пайызын ғана қамтамасыз ететін...

Өндіріс орнының шаңырағын шайқалтпай ұстап қалу оңайға соққан жоқ. Әдекеннің тікелей бастамасымен «Каспий», «Қапшағай», «Балқаш», «Бұқтырма» су қоймаларымен байланыс жасалып, балықшылар осы жерге аттандырылды. Сондай-ақ Атырау балық комбинатымен де келісім жасалады. Мұнда ауланған балық сол жерде тұздалып, Аралға өндіріс орнына жеткізілетін. Тіпті сонау Мурманскіге барып, Қиыр Шығыс, Балтық жағалауынан жылына 6-7 мың тонна мұхит балығын әкелуге мұрындық болады. Ал 1990 жылдары «Ақбасты» учаскесінің «Шығанақ» аймағы мен

«Жиенбаев» учаскесіне қамбала балығын жіберген, олда ауланып, өндіріске енгізіледі. Бұл – даниялық балықшылармен жасалған «Қаттаттан Аралға дейін» деген халықаралық жоба. Әдекен Данияға қоғамдықтың шақыруымен 14 күн өз мамандығымен барып, соңынан 30 балықшысымен де барып, қамбала аулау технологиясын үйреніп, игерді.

Екі жылдан кейін атыраулықтар сыр бере бастады, қызғанышыда барма қалай?

– Бердібек Машбекұлы Сапарбаев Қызылорда облысының әкімі қызметіне тағайындалды. Жаңа жұмысына енді кіріскелі жатқан Б.Сапарбаевқа Алматыда іс-қағаздарын тапсырып жатқан уақытында қабылдау бөлмесіне барып, кіруге талап жасалды. Тез қабылданды, Атырау облысының әкіміне телефон соғып, бір минут сөйлесіп мәселемді шешті.

Сол күні Атырауға ұштым. 150 тонна көксерке балығын қабылдап алуға рұқсат алдым. Сөйтіп ұжымымды бір қуанышқа кенелткенім бар, – дейді Әдекен марқұм Бердібек Машбекұлының сол көмегі Арал балықшыларының мәңгі есінде қалғанын айта отырып.

2000 жылдың наурыз айында «Қамыстыбас» балық өсіру питомнигіне басшылыққа келді. Мемлекеттен бары-жоғы 4 млн 800 мың теңге алынады екен. Айлықтарын алты айлап ала алмай жүргендіктен ауыл тұрғындары үлере көшіп жатты. Өндіріс орнын сақтап, ауыл тұрғындарының көшуіне тоқтам салуды ойлаған Әдекен ат сабылтып қаржы көзін іздестірді. Үкіметтен 9 млн теңге, ал келесі жылы 11 млн теңге алуға қол жеткізді.

– Ұмытпасам, 2002 жылы Қызылордада сол кездегі ҚР Премьер-министрі Қасым-Жомарт Тоқаев көшпелі мәжіліс өткізуге келді. И.Абибуллаев пен Ә.Әйімбетовтің «Қамыстыбас» балық өсіру питомнигінде 3 миллионнан 12 млн бас майда шабақ өсіру ұсыныстарын қолдады. Мұны іске асыруға 36 млн теңге қосымша қаржы сұралып, Үкімет қаулысына енді. Ал қаржының қаралуына кезіндегі Парламент депутаттары Б.Досмамбетов пен Ұ.Қараманов ағамыздың сіңірген еңбегі орасан болды, – дейді ол.

Иә, Әдекен айтса айтқандай, сол жылдары «Қосжар» мен «Тастақ» ауылдары ажарланып, балық өсіру питомнигі озық өндіріс орнына айналды. Жаңа ғимараттар жарыса бой көтеріп, ондаған тұрғын үй салынды. Сондай-ақ өндіріс орнына көптеген техника алынып, балық сақтайтын 200 тонналық мұздатқыш пайдалануға берілді. Балық бассейні салынды, өзі бастап Израильге балық өсірушілерімен барып, «Машав-Юсайд» арқылы құны 200 мың АҚШ доллары тұратын уылдырық шайқау аппараттары алынды.

Даниялық Курт есімді азаматтың бастамасымен Аралға бір мың ау, балықшы киімдері мен құралдарын әкеліп, қамбала балығын аралдықтардың асыраушысына айналдырады.

«Әдекен басшылыққа келген жылдары өсірілетін майда шабақтар 3 миллион 13 млн данаға жеткізілді, 420 мың дана екі жаздық шабақ өсіру орны жойға қойылды. Жүзге жуық жаңа жұмыс орны ашылып, еңбекақымыз 6 мың теңге болса, ол 7 есе өсті», – дейді ауыл тұрғындары.

Осылайша «Қосжар» балық өсіру

питомнигі ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Ең үздік өнеркәсіп» атағын алды. Ә.Әйімбетов «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталып, «Балық шаруашылығының еңбегі сіңген қызметкері» атағын иеленді.

«Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» жобасының нәтижесінде қаладан 75 шақырымға қашықтап кеткен теңіз 17 шақырымға дейін жасындады. Бұрын жоғалып кеткен балықтың 22 түрі қайта тіріліп, балықшылар атакәсіптеріне орала бастады.

Бір өкініштісі, балық қабылдау пунктін мен өңдеу зауытының жоқтығынан балықшылардың теңіз-қолдарды жағалап аулаған балығы тістегеннің аузында, ұстағанын қолында кетіп жатты. Демек, балық қабылдануы, өңделуі, ел-халық несіесіне берілуі керек. Осындай шешімге КІМЭП бітірген, Англиядан магистратура тәмамдаған баласы Нұрбекпен тоқтам жасаған Әдекен 2008 жылы «Өңтүстік» әлеуметтік корпорациясы мен банктен қосымша несиеге қол жеткізіп, балықты қазіргі заман талабына сай өңдеуге кіріседі. «Аралбалық» комбинатын мүмкіндігінше қайта қалпына келтіріп, балық өңдеу зауытының іргетасын қапп, 2010 жылы қараша айында зауыт жұмысын бастады. Осы жылы «Арал сервисі» дайындау орталығы» ЖШС шаңырақ көтерді. Оның демалушылығы басалымен кірісіп, күні бүгінге дейін жылма-жыл инвестиция салып, зауыт еуростандартқа сай 2012 жылдан еврокоден жұмыс жасайды.

Кейінгі 10 жылда зауыт дамуына 3,5 миллиард теңге инвестиция құйылды. Арал қаласы мен Бөген, Жалаңаш ауылдарынан бірнеше балықты терең өңдейтін цехтар мен бөлімшелер бой көтерді. Жаңа технология енгізу аясында шетелдерден және республикадан 25-ке жуық мұздатқыш, балық қыруш, мұз дайындайтын аппараттар, қатер, қайықтар алынып, 20,9 мың тонна балық ауланды. Балық өнімінің шығарылуы 200 млн теңгеден 2 миллиард теңгеге жеткізілді, экспорт үлесі 90%, балықты терең өңдеу үлесі 88%. Теңізді және бекітілген көлдерді балықтандыруға 38,2 млн теңге, ғылыми-зерттеу жұмыстарына 225 млн теңге жұмсалды.

Жаңадан тұрақты 60 жұмыс орны ашылып, өңдеушілер мен балықшылардың табыстары жылма-жыл 30-40% өсуде. Бүгінгі таңда зауыттың балық өнімдері жеті Еуроодақ елдеріне және көршілес Ресей, Грузия, КХР мемлекеттеріне жөнелтілуде.

Зауыт ұжымы 8 мәрте өткен облыстық слеттердің бесеуінде «Облыстың үздік балық шаруашылығы», «Үздік экспорттаушысы» атанып, марапатталды. 2005 жылы «Қамыстыбас» балық питомнигі Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Үздік шаруашылығы» марапатын иеленді.

Әдекеннің ел алдындағы еңбегі ескеруіс қалған емес. Ондаған мерекелік медальдары бар. Ш дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен марапатталды. 2025 жылдың өзінде ҚР Ауыл шаруашылық министрлігінің және Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен марапатталып, Қызылорда облысының дамуына еңбек сіңірген медалі және «Облыстың құрметті ардагері» атағын иеленді.

Ә.Әйімбетов 1986-1992 жылдар аралығында Қызылорда облыстық және Арал аудандық Кеңестерінің депутаты, облыстық және Арал аудандық партия комитеттерінің мүшесі, 2007-2012 жылдары облыстық мәслихаттың депутаты атанды.

Әйімбетовтер – өскен, өркен жайған әулет. 2015 жылы «Мерейлі отбасы» республикалық конкурсында көш бастап, жүлделер атанды. Бұған Әдекеннің өмірлік жоры Бадағұлдің қосқан үлесі орасан зор.

– Мен үшін ең басты марапат – ел-халықтың алғысы. Билік те, байлық та уақытша, ал басты байлық – сау-саламат жүріп, елің үшін еңбек ету, жұртшылыққа қамқор қолыңды созу. Біз теңізге қарызбыз. Осы қарызды өтеу – біздің өтелмеген парызымыз. Өйткені біз бақытты теңізден таптық, – дейді Әділбек Әйімбетов.

Еркін ӘБІЛ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі,
Арал ауданының құрметті
азаматы

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru



Сурет: Аманжол

ҰЛТ РУХЫНЫҢ САХНАДАҒЫ ШЕЖІРЕСІ

Тарихшы Б.Қойшыбаевтың қазақ ұлттық театрының алғашқы ұйымдастырушысы және директоры Дінше Әділов туралы «Алғашқы директор» атты мақаласынан, қазақ би өнерінің негізін салушы Шара Жиенқұлованың «Өмірім менің – өнерім» атты кітабынан, «Еңбекші қазақ» газетінде сол кезде жарияланған материалдардан осыдан жүз жыл бұрынғы оқиғалар лебі еседі.

Б.Қойшыбаевтың айтуынша, театр құру жұмысына Алаштың айбынды азаматтары кіріспегенде, бұл сөздің шешімі де орындалмай қалуы мүмкін еді. Қаулының арнайы тармағын іске асыруға Дінше – Дін-мұхамед Әділов зор еңбек сіңірген.

Автор 1925 жылдың күзінде Қазақстанның бес жылдығы тойланып, Қызылорданың мерекелі орындарында өнерпаздар ән шырқағанын айтады. Әйгілі палуан Қажымқанның көшпелі цирк аренасында өнер көрсеткені сол кездегі атышулы оқиға болған екен.

Мерекелі іс-шаралар аяқталған соң, 22 қазанда Ағарту халкоматында жазушылар мен мәдениет қайраткерлерінің қатысуымен қазақ театры жайында кеңейтілген мәжіліс өткен. Мәжілісте баяндама жасаған халком Смағұл Сәдуақасұлы ұлт театрының ашуға атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталған.

Жоғарыда атап өткендей, Шара Жиенқұлованың «Өмірім менің – өнерім» атты өмірбаяндық кітабында да театрдың құрылған кезеңі туралы мәліметтер бар. Соның бір тұсын келтірейік, «Күндердің күнінде Құрманбек Қызылордадан шығатын «Еңбекші қазақ» газетін оқып отырып құлап қалатындай және бір жағдайға кезігеді. Газетте мынадай хабарландыру басылды: «Қызылорда қаласында тұңғыш ұлт театры ашылды. Соған мүше болуға жер-жерден өнерпаздарды шақырады».

Басылымдағы хабарландыруда Семей жағынан Әміре Қашаубаев және төкпе ақын Иса Байзақов, Қарқаралыдан күлдіргіш Қалибек Қуанышбаев, Қостанайдан сауыққой Елубай Өмірзақов эмбе Серке Қожамқұлов, Алматы қаласынан Құрманбек Жандарбеков, тағы басқалар шақырылатыны атап көрсетілген.

Міне, қазақ театр өнерінің негізін салушылар осылайша алғашқы труппаға біріккен еді. Олардың өсімі ұлт мәдениеті тарихының ең шешеті орын алды.

Сол кездегі «Еңбекші қазақтың» 1926 жылдың басындағы бірнеше нөмірінде «Гинуардың 13-і күні кешкі сағат 6-да Мемлекеттік Ұлт театрының ашылу мерекесі болады. Театр артистері Кеменгерұлының «Алтын сақинасын» ойнайды. Оның соңынан концерт. Демалыс уақыттарында оркестр ойнап тұрады. Театр директоры Дінше» деген хабарландыру басылды.

Газетте осылай жазылғанмен, ресми деректерде алғашқы қойылым деп Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебегі» көрсетілген. Б.Қойшыбаев алғашқы қойылымға қатысты деректің бұрмалануын Діншенің де, Қошкенің де репрессияға ұшырауымен байланыстырады.

«Еңбекші қазақтың» 1926 жылғы нөмірлерінде ұлт театрының қызметі, арнайы ұйымдастырылған бәйге, жекелеген спектакльдерді қоюшы режиссерлер, ойнайтын артистер, туындыларды сараптау комиссиясы құрамы жайындағы мақалалар үзбей жарияланған. Сондай жарнамалардың бірінде бөйгеге түскен пьесаны талқылауға көрермендердің де қатысуына мүмкіндік берілгені жазылған. «Жеті кісіден сыншы комиссия ойында болып, пьесаның артық-кем жерлерін бақылап отырады», делінген хабарда. Комиссия құрамында ағарту халкомы Смағұл Сәдуақасұлы, өлкелік партия комитеті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Ораз Жандосов, орыс театрының режиссері Михаил Насонов, ақын-жазушылар Бейімбет Майлин, Молдағали Жолдыбаев, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов болған.

Қазақ зиялылары ұлттық театрды құрып қана қоймай, репертуар мәселесіне, драматургтерді ынталандыруға жете мән берген. Осындай қамқорлықтың арқасында екі жыл ішінде режиссерлер де, артистер де кәсіби жағынан толысып, іргелі өнер ұжымына айналды. Бұл жайлы Ш.Жиенқұлованың кітабында «Құрылғанына екі жыл болған қазақ драма театры Қызылордадан Алматыға гастрольге келді. Атақ-даңқына сырттай қанық ұлттық драма өнерінің тұңғыш қарлығаштары Қалибек Қуанышбаев, Елубай Өмірзақов, Серәлі Қожамқұлов, Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов, Құрманбек Жандарбеков, Жұмат Шанин, тағы басқалары спектакльдер қойып, озық өнеріне жұртшылықты тәтті етті» деп жазылған.

Қазақтың тұңғыш ұлттық театры бар болғаны төрт айға созылған бірінші маусымында спектакльдерді аптаның бейсенбі, жексенбі күндері қойып отырған. Спектакльдер концерттік ойын-сауықтармен асастырыла, соңынан ән-күй, әзіл-сықақ, тіпті, цирк нөмірлері орындалатын. Ешқандай кәсіби білім алмаған таланттар театр артистері болып қызмет атқарды, түрлі образдарды сомдады. Аяғынан қаз тұрып келе жатқан ұлттық театр өнерінің бастауында осындай ерен еңбек жатыр.

Театрдың іргетасы қаланған кезеңді сипаттайтын естеліктерден ұлт мәдениетін өркендетуге ұмтылған, ортақ іске бірікпей жамылған зиялылардың жанаһырлығы, жанкештілігін байқаймыз. Ұлтымыздың ең алғашқы кәсіби театры Қызылордада құрылғанын мақтан тұтамыз.

Гүлжазира ЖАҒАСОВА,
«Сыр бойы»

1-бет.

БРИФИНГ

АДАЛ ЕҢБЕКТІ БАҒАЛАҒАН АБЗАЛ

Адал да табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы. Президент халыққа арнаған Жолдауында «Жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек адамы қадірлі. Ең бастысы, әркім жауапкершілікті терең сезініп, өз міндетін сапалы атқаруға тиіс. Сонда ғана еліміз дамудың сара жолына түседі. Біз түрлі саладағы мамандарға, қатардағы жұмысшыларға құрмет көрсетуіміз қажет. Бәсекеге қабілетті экономикасы бар озық ел боламыз десек, ең алдымен адал еңбекті бағалаған абзал» деген болатын.

«Қызылорда су жүйесі» мекемесінің өндірістік-техникалық бөлімінің бастығы Маржан Сырманова, «Абай-Дәулет» ЖШС зертхана меңгерушісі Сәуле Шакинова және «Қызылорда автобус паркінің» жүргізушісі Азамат Сисенов өңірлік коммуникациялар қызметінде болып, тәжірибесі мен жұмысы жайында кеңінен айтып берді.

«Қызылорда су жүйесі» мекемесінің өндірістік-техникалық бөлімінің бастығы Маржан Сырманова, «Абай-Дәулет» ЖШС зертхана меңгерушісі Сәуле Шакинова және «Қызылорда автобус паркінің» жүргізушісі Азамат Сисенов өңірлік коммуникациялар қызметінде болып, тәжірибесі мен жұмысы жайында кеңінен айтып берді.

«Қызылорда су жүйесі» мекемесінің өндірістік-техникалық бөлімінің бастығы Маржан Сырманова, «Абай-Дәулет» ЖШС зертхана меңгерушісі Сәуле Шакинова және «Қызылорда автобус паркінің» жүргізушісі Азамат Сисенов өңірлік коммуникациялар қызметінде болып, тәжірибесі мен жұмысы жайында кеңінен айтып берді.

аясында мекемеде ауқымды тірлік атқарылды. Атап айтар болсақ, кәріз суымен жұмыс істейтін қызметкерлерге шипажайларға жолдама беріліп, айлық жалақысы 20 пайызға артты. Біздің ұжым алдағы уақытта да абыройлы еңбек ете береді, – дейді Маржан Сырманова.

«Абай-Дәулет» ЖШС мекемесінде зертхана меңгерушісі қызметін атқаратын Сәуле Шакинова білікті маман, өзінен кейінгі жастарға білген-түйгенін үйретуде. Нәтижесінде қаншама жас өндірістік тәжірибеден өтуге келіп, тұрақты жұмысқа орналасуда.

Менің еңбек жолымды бастағаным 40 жылдан асты. Ауыл шаруашылығы саласында үздіксіз жұмыс істеп келемін. Биыл наурыз айында зейнет демалысына шығуды жоспарлап отырмын. Өздеріңізге белгілі, біздің шаруашылық күрші өсірумен, өндірумен, мал шаруашылығымен, ас тұзын өндірумен айналысады. Басты мақсат – сапалы өнім шығару. Компанияның өнімдеріне деген сұраныс



жыл өткен сайын артып келеді. Соның нәтижесінде Мемлекет басшысының «Алтын сапа», «Парыз» сыйлығының иегері атандық. Бұл жетістік ұжымда еңбек етіп жүрген әрбір қызметкердің адал еңбегінің жемісі деп білеміз.

Зертханада өнімнің сапасы тұрақты бақыланады. Әр өнімнен сынама алынып, талапқа сай екені нақтыланғаннан кейін өндіруге жіберіледі, – дейді С.Шакинова.

Облыс орталығындағы жолаушылар тасымалдау қызметінің сапасын арттыру, жолаушыларға жайлылық жасау мақсатында жүйелі істер атқарылуда. Осы орайда «Қызылорда автобус паркінің» жүргізушісі Азамат Сисенов жолаушылар тасымалы жауапкершілікті талап ететінін айтты.

«Қоғамдық көлікті тізгіндегеніме 8 жыл болды. Жұмыс таңғы 6:00-де басталып, кешкі 22:30-да аяқталады. Кезекшілік алдында міндетті түрде медициналық тексеруден өтеміз. Күніне шамамен 800-900 жолаушыны дінтеген жеріне жеткіземіз. Басты талап – жолаушылар қауіпсіздігі.

Қазіргі таңда қала тұрғындарына 285 автобус қызмет көрсетеді, – дейді А.Сисенов.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

МУЗЕЙДЕГІ МҰРА



Сыр бойы – қазақ тарихының терең тамырының айқындығын қасиетті өлке, қазақ өркениетінің, руханияты мен шаруашылығының мәдениетінің аяқын аңғарғы.

ЖЕР АНАҒА ТҮСКЕН АЛҒАШҚЫ ІЗ

Ежелден-ақ Сыр бойы егін шаруашылығымен, суармалы егіншілік жүйесімен танымал болған. Сол қасиетті өңірдің Қармақшы ауданы да диқан еңбегінің белсенді аймағы саналады. Мұнда күрші өсіру дәстүрі қалыптасып, кенестік кезеңде жоғары нәтижелерге қол жеткізілді. Осы жолдың әр қадамына өлшеусіз үлес қосқан Еңбек ерлері – өңір тарихындағы еңбек даңқының символы. Қазір де Қармақшы диқандары сол даңқты жолды жалғастырып, ел ырысын еселеп келеді.

Осы егіншілік мәдениетінің бастауы алғашқы шаруашылықта пайдаланылған қарапайым құрал-саймандарда жатыр. Қарапайым ағаш пен темірден жасалған бұйымдар, бүгінгі күнде музей қорында сақталғанымен, олардың бойында халықтың маңдай тері, тәзімі мен даналығының үнсіз куәсі бар. Егін шаруашылығында қолданылған құралдардың көпшілігі табиғи материалдардан – ағаш пен темірден жасалған. Кетпен, орақ, шот, балта, соқаның әртүрлі түрлері, тырма, күрек – бәрі де далалық тіршіліктің қажеттілігінен туған. Ұсталардың шебер қолынан шыққан бұл құралдар тек шаруашылыққа ғана емес, халықтың дүниетанымына да әсер етті. Әр құралға қатысты ырым-тыйымдар, наным-сенімдер қалыптасты. Мысалы, орақты аттап өтуге болмайды, кетпенді түнде далда қалдырмау керек деген түсініктер бар еді. Бұл – еңбекке, жерге деген құрметтің көрінісі.

Аудандық музей қорында сақталған құралдардың бірі – соқа. Соқа – адамзат өркениетінің ең көне еңбек құралдарының бірі. Ағаш сабы немесе тұтастай темірден соғылған жүзі бар бұл құрал қара жерді аударып, оны тұқым себуге дайындауға мүмкіндік берген. Оның алғашқы қарапайым түрлері б.з.д. IV-III мыңжылдықтарда пайда болып, жерді өңдеудің негізін қалады. Қазақстан аумағында, әсіресе Сырдария бойында, соқаға негізделген егіншілік дәстүрі ежелгі және ортағасырлық кезеңдерден бастау алған. Орта ғасырларда

ағаш сабы мен темір жүзі бар соқалар пайда болып, көбіне мал күшімен тартылған. XIX ғасырдың соңында темір соқалар кенінен қолданылып, егін өнімділігін арттырды. Кенестік кезеңде егін шаруашылығы біртүтес механикаландырылып, трактор мен плуг тек қолданыста енгенімен, дәстүрлі соқа ауыл өмірінде ұзақ уақыт сақталды, әсіресе шағын шаруашылықтарда пайдаланылды.

Соқамен жыртылған жер – диқан үшін қасиетті алаң. Сол жерге дәнді дақыл себіліп, су беріліп, маңдай тер сіңген. Бұл ауылдық қауымдастықтың бірлескен еңбегін талап еткен үдеріс еді. Ғылыми тұрғыдан алғанда, соқа – қазақ даласында отырықшы және жартылай отырықшы егіншілік мәдениетінің қалыптасуын дәлелдейтін маңызды архео-этнографиялық дерек.

Қарапайым құрал сияқты көрінгенімен, соқаның бойында тұтас бір дәуірдің ізі, ата-бабамыздың тәзімі мен даналығы сақталған. Қара жерді тілген соқадан бастап, маңдай термен жиналған егінге дейінгі жол – халқымыздың еңбексүйгіштігі мен тәзімінің айқын дәлелі.

Қазіргі заманда техника дамып, егін шаруашылығы толықтай механикаландырылғанымен, көне құрал-саймандардың тарихи және тәрбиелік мәні жоғалған жоқ. Бүгінде Қармақшы аудандық тарихи-өлкетану музейінде сақталған әрбір кетпен, орақ немесе соқа – бір әулеттің, бір ауылдың, тіпті тұтас бір дәуірдің шежіресі. Оларсыз қазақ ауылының өткен өмірін елестету мүмкін емес.

Бүгін осы құралдарға көз сала отырып біз тек өткенді ғана емес, ата-бабамыздың жерге деген сүйіспеншілігін, адал еңбекке деген құрметін танимыз. Сол құндылықтарды ұрпақ санасына сіңіру – бүгінгі буынның басты парызы.

Баршагүл САХИЕВА,
Қармақшы аудандық тарихи-өлкетану музейінің экскурсоводы

СПОРТ

«ҚАЙСАРДЫҢ» АЛДАҒЫ МАҚСАТЫ АЙҚЫН

Қызылордалық «Қайсар» қаңтар айының алғашқы аптасында Біріккен Араб Әмірлігіне аттанып, қазір онда екінші оқу-жаттығу жиынын өткізіп жатыр. Бүгін, 13 қаңтарда олар жолдастық кездесуде сол елдің «Аль-Иттифак» командасымен шеберлік байқасады. Ал 19 қаңтарда дәл сондай ойын Өзбекстанның «Динамо Самарканд» клубымен болады.

Өткен жылдың 31 қазанында қызылордалық клуб елімізде «Қайраттан» кейін алғашқы болып жекеменшікке өтті. Ендігі кезекте олар 2027 жылы еурोकубокта бақ сынауды жоспарлап отыр. Ол үшін алдағы жылы ел біріншілігінде жүлдегерлер қатарынан көріну немесе кубокқа қол созуды көздейді. Сондықтан команда басылымы алдымен бас бапкерді ауыстырып, бұл қызметке қазақстандық маман Андрей Ферапонтов келді.

Команда басылымы өткен жылғы құрамнан қақпашы Нұрымжан Салайдин, қорғаушы Темірлан Мұрзағалиев пен Әділет Кеңесбек, жартылай қорғаушы Айбол Әбікен мен Думан Нәзілбаев, шабуылшы Нұрәділет Ағзамбаевпен келісімшарт мерзімін ұзартты. Сондай-ақ команда құрамына шетелден жаңадан қақпашы Адам Ковач (Словакия), қорғаушы Никола Пуцкич (Сербия), шабуылшы Томас Джонс (Чили) келді. Оған қоса қазақстандық қорғаушы Нияз Ыдырысов, жартылай қорғаушы Сағи Совет, шабуылшы Алияр Мұхамед алдағы маусымда қызылордалық клуб сапында ойын көрсетеді.

Айта кетсек, команда сапынан Лияс Әмірсейтов, Бекзат Құрманбекұлы, Әліби Тұзақбаев, Елжас Алтынбеков және Қуаныш Қалмуратов, Александр Моксин, Ерұлтан Төрекүл, Марлен Аймауынов, Дидар Жалмұқан және Қарам Сұлтанов кетті.

Оқу-жаттығу жиынында өткен маусымда «Қайсар U21» сапында доп тепкен Айдын Ажхан, Ринат Акбергенов, Батырбек Шатан сынақтан өткізіледі. Бас бапкер А.Ферапонтов биыл жас футболшылардың қарым-қабілетіне баса назар аударып, олардың кәсіби шыңдалуына жол ашпақ. Оған қоса Дінмұхамед Рүстемұлы бастаған «Қайсардың» жастар құрамындағы аяқдошыларымыз да назардан тыс қалмайды. Бапкерлік штаб әрдайым қызылордалық жастардың ойын практикасы мен жаттығу процестерін қалағалайтын болады.

Клубтың алдына қойылған жоспар үлкен әсер қалдырды. Оның ішінде футбол академиясын салу, қажетті инфрақұрылымды жаңғырту, база, алаңдар, манеж, медициналық-қалпына келтіру орталығын салу секілді тың дүниелері ерекше таңғалдырды. Жанаһырлар аймақта футболды дамытуға осындай байыпты көңіл бөлсе, команданың болашағынан зор үміт күтуге болады. Мұнан кейін Қызылорданың тағы бір артықшылығы төртінші санаттағы жана стадион деп айта аламыз. Сол себепті осындай амбициялық жобала өз үлесімді қосып келеді. «Қайсардың» алдағы мақсатын жүзеге асыруға бапкерлік жолда жинақталған тәжірибем, алған білімім арқылы көмектесемін деген үміттемін. Оқу-жаттығу жиындары барысында ойыншылардың неге қабілетті екенін, олардың біз беретін ақпаратты қалай қабылдайтынын көреміз. Оларға қойылатын жоғары талаптарды орындауға психологиялық тұрғыдан қаншалықты дайын болатынын байқау қажет. Десек те клуб басылымының, жанкүйерлердің амбициялық мақсатын біліп, біз кез келген қарсыласты жеңуге дайын, мықты команда құруға тырысамыз, – деді бас бапкер.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Қосбергенов Мурат Қайрбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014 ж.) 2025 жылдың 10 тамызында қайтыс болған азамат Унербаев Рахат Кенжеталиевичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Көшербаев көшесі 203, тел.: 8 778 235 08 08, 8 777 062 92 37.

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР
МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Таралымы 20865

Талсырыс №39

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Кезекші редактор **Айсәуле ҚАРАПАЕВА**

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz